



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 28 шілдеде сағат 10.00-де Шу ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 28 шілде сағат 11.30-да Шу ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 28 маусымда сағат 15.00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Жақында Еуразиялық үкіметаралық кеңес Қазақстанда міндетті цифрлы таңбалауды енгізуге қатысты мораторийді қабылдамады. Мораторий енгізу мәселесі Еуразиялық үкімет аралық кеңес отырысында Үкімет басшылары деңгейінде қарастырылған еді.

Еуразиялық экономикалық одақ елдері территориясында тауарларды міндетті таңбалау бастамасы әрі қарай талқыланбақ. Елдер әзірге ортақ шешімге келе алмады. Алғашқы талқылау шілденің үшінші декадасында өтіп, ол жерде дәрілік заттарды таңбалау мәселесі талқыға салынбақ.

Еске салайық, тауарларды цифрлық таңбалаудан өткізу – ұлтаралық жоба. Осы міндетті таңбалау енгізілсе, көлеңкелі айналымның үлесі біршама қысқарады деген үміт бар. Қазір көлеңкелі айналымның жеңіл өнеркәсіптегі үлесі – 63, (жалпы айналымның 63 пайызы), аяқ киім нарығындағы үлесі – 48,5, алкоголь нарығындағы үлесі – 25, фармацевтикадағы үлесі 12 пайызға жеткен. Тауарлардың көлеңкелі айналымын 70-80 пайызға дейін қысқарту – адал ниетті өндірушілер мен импорттаушылар үшін 900 млрд теңге сома көлеміндегі қосымша өткізу нарығын құруға мүмкіндік бермек.

Ал өз өнімін таңбалаудан

Ұлттық банк біраздан бері айтып жүрген цифрлы теңге 2022 жылдың соңына дейін енгізіліп, қолданысқа берілмек. Жақында ҰБ мен Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы (ТҚТДО) «Цифрлы теңгені енгізу бойынша шешім қабыл-

мүмкіндігі арқылы төлем мен қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттырады», делінген ҰБ хабарламасында.

Сарапшылардың айтуынша, цифрлы теңге инфрақұрылымы қаржы нарығына қатысушылар мен мемлекеттік органдар үшін қосымша құралға


«2022 жылдың соңына дейін зерттеу аясында технологиялық эксперименттердің, сауалнамалардың, экономикалық модельдеудің және қаржы нарығына қатысушылармен және сарапшылар қоғамдастығымен талқылау нәтижелерінің көмегімен

Цифрлы теңге пайда болады

дау моделі» баяндамасын жария етті.

Модельде цифрлы теңгенің технологиялық іске асырылуын, әлеуетті экономикалық пайдалар мен шығындарды, жүйені реттеу мүмкіндіктерін, сондай-ақ экожүйені дамыту әлеуетін бағалау бойынша зерттеулер қамтылған. Талдау құралдары ретінде технологиялық эксперименттер, экономикалық модельдеу, мүдделі тараптармен дизайн-сессиялар қарастырылған. 2022 жылдың 4-тоқсанында нарыққа қатысушылармен және тұтынушылармен цифрлы теңгенің технологиялық платформасын өтпелі тестілеу жоспарланып отыр.

«Зерттеу нәтижелерін объективті түсіндіру мақсатында тәуелсіз халықаралық сарапшылар мен халықаралық қаржы ұйымдары қызметкерлерінің қатысуымен «Цифрлы теңге» жобасының Консультативтік кеңесі құрылды. Қаржы нарығының қатысушыларымен цифрлы теңгенің экожүйесін құру да жобаны дамытудағы табыстылықтың маңызды факторы. Осы мақсаттар үшін коллаборативті алаң – Digital Tenge Hub құрылды, оған нарық қатысушылары, инфрақұрылымдық ойыншылар, халықаралық серіктестер қатысады. Цифрлы теңгені енгізу, оның ішінде офлайн төлеу



айналады, бұл смарт-контракт технологиясы негізінде инновациялық қызметтерді құруға мүмкіндік береді. Болашақта цифрлы теңгені енгізу трансшекаралық төлемдердің тиімділігін де еселейді деген үміт бар.

Модель құрылымы сұрақтар мен талдау критерийлерін төрт блокқа логикалық түрде топтастырады: цифрлы теңге архитектурасының дизайнын анықтайтын негізгі параметрлер, архитектурасы және экономикалық мәселелерді ескере отырып, цифрлы теңгенің дизайнын айқындау, таңдалған цифрлы теңге дизайнының өміршеңдігін бағалау, тұжырымдамалық операциялық және реттеуші модельдерді талдау.

бағаланатын технологиялық, экономикалық және реттеуші аспектілер талданады. Цифрлы теңгені енгізу туралы шешім 2022 жылдың соңында әлеуетті пайдалар мен тәуекелдерді жан-жақты зерттеу, технологиялық аспектілерді пысықтау, ақша-кредит саясаты мен қаржылық тұрақтылыққа әсерін, сондай-ақ Ұлттық төлем жүйесі мен оның қатысушылары үшін ықтимал әсерді бағалау нәтижелері бойынша қабылданады», деп мәлімдейді ҰБ.

Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығының басқарма төрағасы Бинур Жәленовтың айтуынша, цифрлы теңгені енгізу бір күннің шаруасы емес.

«Цифрлы теңгені енгізу елдің қаржылық тұрақтылығына жағымсыз әсер бермеуі керек. Тиісінше, бұл бір күннің шаруасы емес. Қазір мамандар цифрлы теңге не үшін қажет және оны енгізуге Қазақстанның экономикалық һәм технологиялық дайындығы бар ма деген мәселені зерделеп жатыр. Бірінші кезектегі мәселе киберқауіпсіздікке келіп тірелетіндіктен ықтимал тәуекелдер таразыға тартылады», дейді Б.Жәленов.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Тауарларды таңбалау – тиімді жоба



өткізген бизнес түсімі 11,3 пайызға көбейеді, бұл ретте өндірушілердің тауарларды таңбалау үшін қажет құрылғыларға жұмсайтын бір реттік шығыны жалпы түсімнің 0,5-0,9 пайызын құрайды. Тиісінше, салықтық түсімдер түріндегі мемлекеттік бюджет кірісі жылына 100 млрд теңгеге дейін артпақ. Бұған сәйкес бизнес те логистикалық схемаларды жетілдіреді, нарықтағы үлесін көбейтеді, сөйтіп өндіріс қабілетін арттыра түседі.

Сондай-ақ мамандардың айтуынша, тауарды цифрлы таңбалаудың енгізілуі бұл сала-

дағы ақпараттық айналымды арттырып, тауар қозғалысын бақылау процесін күшейтеді. Сәйкесінше, бизнестің осы тұрғыдағы шығыны да азаяды.

Осыған дейін Цифрлы экономиканы дамыту орталығы елімізде цифрлы «төлқұжат» беру және тауарларды таңбалау бойынша қанатқақты жобаның жүзеге асырылып жатқанын хабарлаған болатын. DataMatrix кодын алу үшін әрбір өнім бірлігі туралы ақпарат тауарларды таңбалау және бақылау ақпараттық жүйесіне енгізіліп отырады. Ол жерден өндіруші, импорттаушы, тауар партиясының сериялық нөмірі және өзге де қажетті деректерді көруге мүмкіндік бар. Ал крипто-қорғаныстың арқасында Data Matrix кодын қолдан жасау мүмкін емес.

«Кез келген өнімнің қорапшасына не жазса да болады. Жалған дерек жазудан оңай

нәрсе жоқ. Ал қорапшада тауардың барлық дерегі – жарамдылық мерзімі, құрамы, өндірушісіне қатысты цифрлы код болса, онда оның заңдылығы мен сапасына сенімді болсаңыз», дейді Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы қоғамдық кеңестің мүшесі Жәмила Садықова.

Қазір елімізде құрамында қанты бар сусындар мен суларды цифрлы таңбалаудан өткізуге қатысты қанатқақты жоба аяқталып тұр. Оған 10-нан аса компания қатысты. Соның ішінде Tassay суын өндірумен айналысатын «Юникс» ЖШС өндірушісі де бар. Қазір бұл компания өз өнімін отандық нарықтан бөлек, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріне де экспорттап отыр. Көлеңкелі бизнес бар, оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Ал цифрлы таңбалаудың енгізілуі – тұтынушыға көп басымдық сыйлайды. Яғни сатып алушы тауардың жалған-шынын өзі айырып, сапасын да еркін тексере алады.

«Кез келген өндірушінің тауар таңбалауға қолайлы жағдайға кірісуі үшін қанатқақты жоба қажет-ақ. «Пилот» қорытынды-

сы бойынша алынған барлық талап пен өтініштер түпкі есепке енгізіліп, осыған жауапты мемлекеттік органға жолданады», дейді таңбалау бойынша қанатқақты жобаның жетекшісі Ерлан Ұрмағанбетов.

Мамандардың айтуынша, әсіресе минералды суды қолдан жасап, оны кішкентай дүкендерге өндіруші ретінде өткізіп кету де қиын шаруа емес. Адамнан айла артылған ба, олар тура түпнұсқа сияқты етіп жасайды, бір қарағанда оның жалған өнім екенін айыру да мүмкін болмайды. Қазір контрафакті нарығы өркен жайып тұр. Дүниежүзілік сауда ұйымының дерегі бойынша жер бетіндегі контрафактілік өнімдер айналымының өзі 500 млрд долларды құрайды екен. Сауда және интеграция министрлігінің хабарлауынша, бізде көлеңкелі экономиканың үлесі 23,5 пайыз деңгейінде. Бейресми тұрғыда бұдан бірнеше тармаққа жоғары болуы да ықтимал. Ал нақты су өндірісінің көлеңкелі нарықтағы үлесі 24 пайызға жеткен.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Өткен аптада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Сызған және Жыныс ауылдарының ортасында еңбек етіп жатқан азаматтардың қосына әдейі ат басын бұрған еді. Төскейсаз тоғанының төмен жағындағы иен далаға Сейілбекұлы Руслан, Үсенов Сәуір, Айтжанов Спандияр, Бостанов Бақыттар бірігіп жоңышқа егуді қолға алған екен. Аудан басшысы азаматтардың ел үшін бастаған жұмыстарына оң бағасын беріп, жұмыс барысымен танысып ауыл әкіміне нақты тапсырмалар берген болатын-ды. Диханшылықпен айналысып жүрген ауылдастардың жұмыстарын көру үшін Сызған ауыл әкімдігінен құрылған қауымдастық мүшелері ауыл әкімі Қайырқұл Нұртанның бастауымен қырдағы егіс басында болып қайнаған еңбекке куә болдық. Қоршалған 50 гектар жердің 20 гектарында жоңышқа жайқалып тұр. 800-ге тарта теректің көшетін отырғызып тастапты. Олар да жапырақ жайып болашаққа деген сенімді нығайтып тұрғандай. Сонымен қатар, картоп пен көкөністің бірнеше түрі де гүлдеп тұр. Жоңышқалық жаңбырлатып суару әдісімен суаруылуда. Арнайы сатып алынған қондырғы 600 метрге дейін автоматты түрде жайлап жылжып су бүркіп отырады екен. Ешқандай су-

Қырдағы қарқынды тірлік



шының қажеті жоқ. Несін жасырамыз, бұл жаңашылдықты көріп риза болдық. Жігіттер биыл құжаттық мәселелерге байланысты кешірек қимылдап қалғандарын да жасырмады. Алла бұйырса келесі жылы

жоңышқалықты ұлғайтып, алма ағаштарын отырғызу, қауым-қарбыз егу жоспарларында бар екенін де айтты. Орылған жоңышқаны елге қолжетімді бағада ұсынсу да ойларында бар екен. Несі бар, мақсаттарына жетсін. Қауымдастық мүшелері атқарылып жатқан жұмыстармен жіті таныса отырып бұл тірліктің ел үшін тиімді екеніне көзіміз жетті.

Сонымен бірге, бұл азаматтар құр сөздің емес, нақты істің адамдары деп те танылған.

“Жігіттің пайдасы ел пайдасының ішінде” демекші, ел пайдасын жоғары қойған азаматтардың тірліктері біздің де көңілімізден шықты. Ауыл ардагерлер кеңесінің төрағасы Жабағиев Әбілхасым қария балаларына ақылын айтып ақ батасын берді.

Шілденің шілігір ыстығында “көгертсем, көгерсем” деп тырбанып жатқан азаматтардың бастаған істеріне баяндылық тілеп ауылға қайттық.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ,
Сызған ауылы.

Судың сұраушысы, шаруаның іздеушісі бар

Өткен апта, Шілденің 7 күні Кәсіпкерлік мектептің ғимаратында ауыл және су шаруашылығына қатысты жиын өтті. Жиынды аудан әкімдігі Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері ұйымдастырды. Жиынның мақсаты Қарасуан жеріндегі дөңді-дақылдар мен бақша өнімдерін еккен шаруақожалықтарға су жеткізу еді. Себебі, осы басқосудан бірер күн бұрын ауыл әкімдігі мен ауылшаруашылығы бөлімінің Қарасуандық шаруалардың судан тапшылық көріп отырғандары жайында ақпарлар келіп түскен болатын. Сол ақпарлардың нәтижесінде аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мейірманов Қайырбек пен Түркістан облысы «Қазсушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің бас инженері Наятов Рамазан екеуі мамандарын ертіп «Біресек» магистральды су каналының бас жағындағы су жинайтын құрылғының басынан каналды жағалай, су бөлгіштерді (шлюз) қадағалай отырып, Қарасуан жерінде отырған шаруақожалықтардың иелігіндегі егістік жерлерге ат басын тіреді. Сондағы байқағандары, құрылғының басынан шығып жатқан 405 литр судың 85 литрі ғана Қарасуандық шаруалардың майда егісіне жетіп жатыр екен. Оның да 45 литрін сол маңдағы бақша өнімдерін бәрін көп егіп отырған бір ғана шаруа иеленіп, қалғандары қалған 40 литр суды ғана қанағат тұтып отырған көрінеді. Қанағат тұтып отырған көрінеді деп әншейін сыпайылап отырмын, әйтпесе, егістіктерінің жағдайы өте аянышты болған. Осы жағдайды көзбен көріп қайтқан Қайырбек Сәрсенбекұлы келе сала ауыл және су шаруашылығы қызметкерлерін, шаруақожа-



лық иелерін және Парасат клубының мүшелерін жиып, дөңгелек үстел өткізді. Жиынды аудан әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қ. Мейірманов сөз сөйлеп ашты және жиылған көпшілікке дөңгелек үстелдің мақсатын түсіндірді. Мұнан әрі үстел басына жиылғандар кезегімен сөз алып, қозғалған мәселе жайлы өздерінің ойларын жеткізді. Сөйлегендердің арасында Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаев, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысының орынбасары Қанат Сұлтанғазиев, «Ақтас» шаруақожалығының өкілі Әбубәкір Сахиұлы, «Бірлік» ш / қ-ның төрағасы Мырзахан Назаров, «Бағдат» ш / қ-ның өкілі Нұрбол Қасымбекұлы, Парасат клубының төрағасы Данияр Бек, Түркістан облысы «Қазсушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің директорының уақытша міндетін атқарушы Өмірбек Қаппарұлы мен гидротехнигі Ұмсынай Құралқызы және ауыл әкімшілігінің ауыл шаруашылығы жөніндегі маманы Махан Избалаевтар болды. Жиылғандардың бар-

лығының сөзі бір жерден шығып, мынау, су тапшылығы орын алған және азық-түліктің бағасы шарықтаған заманда адамға да малға да қажетті дөңді-дақылдар мен бақша өнімдерін егу ерлікке парапар дүние деп жатты. Әйтпесе, биылғы ерте көктемнен бері қоғам болып азық-түлік қауіпсіздігі үшін егістікпен айналысатын шаруаларымыз былтырғыдай тек жоңышқа егуге ғана шектелмесін, керісінше, дөңді-дақылдар мен бақша өнімдерін көбірек екісі деп дабыл қағумен келдік. Енді, шаруаларымыз үлкен тәуекелге барып, қоғамның дабылына құлақ асып майда егіс еккен екен, онда осында жиылған баршамыздың оларға тиесілі суын алып барып беру бәріміздің де мойнымыздың борышы деген ортақ тұжырымға келді. Әсіресе, мына шілденің аптап ыстықтарында қыруар қаржы салып, ерен еңбекпен шыққан өнім ыстық пен шөлден құрап кетпесін делінді. Талай жиындарды көріп жүрміз, әр тарап өз мүддесін қоғамның ортақ мүддесі үшін ауыздықтаған жиын осы болды. Жергілікті билік пен халық өкілдері де шаруалар да ор-

тақ бір шешімге келіп, шілденің ыстығында «Біресек» магистральды каналының суын цемент арықты жағалай отырған бауы мен бассейні және жоңышқасы бар өзге шаруалардың үлесінен қысып, әлгі, дөңді-дақылдар мен бақша өнімдерін еккен шаруалардың егістігіне судың көбірек бөлігін беруді және бұл жөнінде насихат және қадағалау жұмыстарын жүргізу үшін арнайы жұмысшы тобын құруға қарар қабылдады.

Сонымен, Шолаққорған ауылдық округіне қарасты «Біресек» каналының аяқ жағындағы Қарасуан егіс алқабына егіс еккен шаруаларға су жеткізу мәселесі бойынша аудан әкімі М. Тұрысбековтың өкімімен арнайы жұмысшы топ құрылып, құрамына: аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары, жұмысшы тобының төрағасы Сұлтанғазиев Қанат Құтжанұлы, төрағаның орынбасары Шолаққорған ауылының әкімі Әділ Елібаев, мүшелері: АӘК және А/Ш бөлімінің бас маманы Байбабаев Ақберген (хатшы), Түркістан облысы «Қазсушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің директорының уақытша міндетін атқарушы Өмірбек Аубакиров, ауыл әкімшілігінің ауыл шаруашылығы жөніндегі маманы Махан Избалаев, «Атамекен» ҰҚП-ның Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ ауданындағы бөлімшесінің директоры Арман Анарбаев, жергілікті Парасат клубының төрағасы Данияр Бек және Қазақстан Фермерлер Одағы Қауымдастығы, Созақ аудандық төрағасы Нұрлан Керимовтар енді.

Аталмыш жұмысшы топ өткен дүйсенбі, Шілденің 11

күні алдын-ала бекітілген жоспар бойынша әуелі «Біресек» су каналының басындағы су жиналатын құрылғының басына барды. Ондағы судың каналға сыйымдылығы мен жылдамдығын, яғни, көлемін анықтайтын құрылғыны тексеріп, «Біресек» магистральды су каналына секундына 405 литр судың ағып кетіп жатқанын анықтады. Кейін, осы каналдың бойын жағалай отырып, өткен жылы алынған қаулының негізінде жол-жөнекей егілген жоңышқалықтардың, баулар мен бассейндердің суын қыса отырып, секундына 200 литр жылдамдықпен ағып жатқан су көлемін Қарасуан жерінде майда егіс егіп жатқан шаруалардың егіс алқабына дейін қадағалап жеткізіп берді. Сондай-ақ, Қарасуандық шаруаларға да қоғам болып алған қаулының нәтижесінде келген суды шашау шығармай, әсіресе түнгі мезгілде қадағалап суарып алуды ескертті. Шаруалар да кеше ғана шылжырап қалған судың мынадай көлемде ағым келіп жатқанына баладай қуанды. Судың сұраушысы, шаруаның іздеушісі барын сезініп, кәдімгідей арқаланып қалды. Ел болып, елдік жасап алып келген суды шашау шығармай, егістіктерін қадағалап суарып алатындарын айтып сендірді.

Міне, ағайын! Аталарымыздың: «Келісіп пішкен тон келте болмас», «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген қанатты сөздерді біздерге өсиет еткендегі көксемгендері осы шығар! Ендеше, ауызбіршілігіміз мықты болсын!

Данияр БЕК.

Мемлекеттің негізгі саяси бағыттары – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарына бірігіп, елдің саяси өміріне кірісіп, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуға негізделген. Саяси жүйенің ең күрделі, әрі ең маңызды элементі – ол мемлекет. Мемлекет – саясаттың негізгі бағыттарын жүйелейтін, қоғамды басқаратын орталық буыны. Біріншіден, ол саяси жүйенің билігін, мүдде-мақсатын іске асыратын ең негізгі аппарат. Екіншіден, мемлекет саяси негізгі бағыттардың барлық элементін біріктіріп, саяси функция арқылы қоғамның игілікті құндылықтарын әділетті бөлу процесін басқарып отырады.

Саясаттың басты ерекшелігі

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары

– белгілі бір мемлекеттің ішкі және сыртқы мүдделерін үйлестіре алатын, әлеуметтік қатынастарды реттеп, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін қасиетке ие болу. Мемлекеттік саясаттың тағы бір өзекті де күрделі бағыттарының бірі – мемлекеттің дін саласындағы саясаты. Еліміздегі дін саласындағы саясатының негізгі бағыт бағдары зайырлылық қағидаттары, конфессияаралық және ұлтаралық келісім, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы негізгі ұстанымы – зайырлылық. Зайырлылық – мемлекет пен діннің бір-бірінен бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, және құқықтық негізгі жүйесінің аз да болса діни қағидаларға сүйенбеуін білдіреді. Мемлекет пен зайырлылық ұстанымы ешқандай дінге бөгет жасамайды, тек мемлекеттің дін саласына араласпауы және белгілі бір діни ұстанымға басымдық бермейтініне кепілдік беруі.

Зайырлылық ұғымы дін саласында барынша ашықтықты, анық саясат ұстанатынын көрсетеді. Зайырлылық қағидатына сәйкес, дін мен мемлекет бөлек дегенімізбен дін қоғамнан, адамнан бөлінген емес. Адам дүниеге келгеннен бастап, соңғы сапарына дейін дінмен тығыз байланыста болатын құбылыс. Ол мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттарымен басқарылуында ғана бөлінген.

Қандай заман болмасын адам жүрегінде белгілі бір тылсым күштің бар екенін сезетін тетік бар деп айтсақ артық болмас. Егемен еліміздің аяққа тұрып, басқа да мемлекеттермен иық тіреспіп тұруына зайырлылық қағидаттарының да үлесі орасан зор екенін ұмытпауымыз тиіс. Сонымен қатар, қандай дін болмасын адамзаттың құндылығына негізделген, Қазақстан халқының бірлігіне нұқсан келтірмейтін діндерге қарсы еместігін, тиісінше қолдау көрсетілетіні мәлім.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен тұжырымдамасы

Егемен еліміздің ең үлкен жетістіктерінің бірі – ел азаматтары арасындағы бірлік. Ұлтаралық және дінаралық келісімнің нығаюы, 130-дан астам ұлт пен ұлыстың, 18 конфессия өкілдерінің тату-тәтті, бейбіт өмір кешіп жатқан Қазақстан бүгінде әлем елдеріне үлгі өнеге.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламасы мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жақсартуға, мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтуға және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеуге бағыт-

талған ресми көзқарастар жүйесі болып табылады. Осы қабылданған бағдарлама дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамытуға, нормативтік құқықтық актілер жүйесін жетілдіруге, елдегі діни саланы реттеу жөніндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқарушылық шараларға негіз болуға тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік бағдарлама дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың, діни бірлестіктер мен азаматтық қоғам институттарының күш-жігерін шоғырландыруға, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ерекшеліктеріне негізделген мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастардың қазақстандық моделін дамыту бағдарын жүзеге асыруда.

Қабылданған бағдарламада мемлекет дін саласындағы тұрақтылықты сақтау, қоғамдағы конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайту, сондай-ақ кез келген нысандағы және көріністердегі діни экстремизм мен радикализм идеологиясына халықтың иммунитетін қалыптастыру бойынша шаралар қабылдап жатқаны атап өтілді. Дәстүрлі түрде олардың ішінде ең көп саны ханафи-мазхабындағы ислам және православиелік христиан. Сонымен қатар католиктік және протестанттық конфессиялар, иудейлік, буддисттік және басқа да қауымдары елімізде татулықта қызмет атқаруда.

Қабылданған бағдарлама төмендегі мемлекеттік міндеттерге бағытталады:

мемлекет дамуының зайырлылық қағидаттарын нығайту, азаматтардың ар-ождан бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету;

діни саланы реттейтін заңнаманы жетілдіру; мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайтуға және діни экстремизмге қарсы іс-қимылға бағытталған Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары

жұмысының бірыңғай жүйесін жетілдіру;

азаматтардың ар-ождан бостандығына және діни нанымдарын құрметтеуге заңмен кепілдік берілген құқықтарын қамтамасыз ету; діни бірлестіктердің толыққанды жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету және ұлттық қауіпсіздікті, зайырлы мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзатын және халықтың жекелеген топтарының радикалдануына ықпал ететін деструктивті діни ағымдардың қызметіне жол бермеу;

халық арасында қоғамда тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, деструктивті діни идеологияға азаматтар-

дың иммунитетін қалыптастыру бойынша мемлекет іске асырып жатқан шараларды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-ағарту жұмысын күшейту.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттарымен бірлесе отырып, діни саладағы уәкілетті органдар жүзеге асыруы мүмкін.

Мемлекет назарын аударатын негізгі міндеттер:

дін саласындағы заңнаманы жетілдіру;

мемлекет дамуының зайырлылық қағидаттарын нығайту; діни экстремизм идеологиясына қарсы және деструктивті діни ағымдардың қызметін бейтараптандыру.

Қорытындылай келе, дін-Қазақстан Республикасының әлеуметтік, мәдени-жәнерухани маңызды бөлігі болып табылады. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары арқасында Қазақстан Республикасында діннің еркін дамуы үшін жағдайлар жасалынған. Діни қызметтің өзге де ұйымдарына әлеуметтік шектеулер алынып, зайырлы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізі қаланды, діндер арасындағы диалог, әлеуметтік әріптестік және ұйымдар мен сындарлы саясаттың негізгі бағыттары қабылданды. Нәтижесінде тәуелсіздіктің 30 жылдан астам уақытында Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалогпен келісімді табысты ілгерілетуде бірегей тәжірибесі бар егемен мемлекет ретінде танылды. Сонымен қатар діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ел болып қалыптасты.

А. ДҮЙСЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелері зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Созақ аудандық соттың есебі

Созақ аудандық сотының төрағасы м.а.Б.Л.Сағынтаев 2022 жылдың 6 айында сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыс қорытындысын сөз етті. Судья Б.Л.Сағынтаев сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары бойынша Созақ аудандық сотының өндірісіне 2022 жылдың 6 айында барлығы 31 қылмыстық ісі қаралып аяқталғанын, 21 қылмыстық іс бойынша 39 адамға үкім шығарылғанын, 7 қылмыстық іс бойынша қылмыстық іс өндірістен тоқтатылғанын, қылмыстық-процестік заңнамаға енгізілген жаңашылдыққа сәйкес 31 қылмыстық іс электрондық нысанда қаралды, 2 іс соттылығы бойынша жолданған, 5 қылмыстық іс сотталушының жәбірленушімен татуласуына және келтірілген залалды өтеуіне байланысты медиация тәртібімен аяқталып, уәкілетті органдар тарапынан жіберілген кемшіліктерге сәйкес 1 жекеше қаулы қабылданғанын атап өтті.

Есепті мерзімде аудандық сотта 229 азаматтық іс қаралып аяқталған. Оның ішінде 48 арыз бойынша сот бұйрығы, 77 азаматтық іс бойынша шешім шығарылған. 44 азаматтық іс бойынша іс жүргізу өндірістен қысқартылған, 36 іс бойынша медиация тәртібімен, 1 азаматтық іс тараптардың адвокаттарының жәрдемдесуімен партисипативтік рәсімі тәртібімен дауды реттеу бойынша аяқталып, 12 арыз қараусыз қалдырылған және 2 азаматтық іс бойынша жекеше ұйғарым қабылданған.

Сонымен қатар, «Сот кабинеті» электронды ақпараттық жүйесі бойынша сот өндірісіне сотқа түскен арыздардың 99 % келіп түскен.

Аудандық сотта 2022

жылдың 12 айында барлығы 177 әкімшілік іс түсіп 177 тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып аяқталған. 3 жеке қаулы шығарылған, барлық жеке қаулыға жауап түскен, 177 әкімшілік іс смартфон арқылы виртуальды түрде өткізілді.

Өз кезегінде төраға м.а.Б.Л.Сағынтаев электрондық сот төрелігі және сот ісін жүргізуді оңайлату бағытындағы жаңа технологиялар жайлы әңгімеледі.

Қазақстанның сот жүйесін дамыту бойынша айқындалған жеті басым бағыттың бірі болып табылатын «Е-Сот» жобасы шеңберінде іске қосылған «Виртуалды сот» пилоттық жобасы «Виртуалды сот» пилоттық жобасының аясында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бейнебайланыс арқылы өткізілген.

Созақ аудандық сотында Татуласу рәсімдері қолданылып қаралған істерге тоқталар болсақ:

Азаматтық істер бойынша медиация – 36, партисипативтік – 1,

Қылмыстық істер бойынша медиация – 5,

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша – 27.

Сондай ақ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіруге арналған прокуратура, адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылар, сот қызметкерлері және БАҚ өкілдерінің қатысуында дөңгелек үстел мәжілістері өткізілген.

Созақ аудандық сотының баспасөз қызметі.

Қоғамдық қабылдау: әлеуметтік мәселелер талқыланды


«Amanat» партиясы Созақ аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жоспарға сәйкес Созақ аудандық мәслихат депутаты, фракция мүшесі Жамиева Қарлығаш Нышанбайқызы мен Созақ аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлім басшысының уа.Ерназарова Марал Прімжанқызы аудан тұрғын-

дарын жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Қабылдау барысында жұмыссыздық, жәрдем ақы алу, отбасылық әлеуметтік жағдайын ескеріп қаржылай көмек беруге және де басқа да әлеуметтік мәселелер көтерілді. Осы қабылдауда барлық сұрақтар тыңдалып, әрқайсысына түсініктемелер мен кеңестер берілді.

«Созақ үні»-ақпарат».

Бұл өзі Қазақстанға поляктардың келуінің арғы негізгі тарихы 1831 жылы патша үкіметінің қол астында тұрған кезінде, поляктардың көтерілісі болды. Олардың көбісін соттады патша үкіметі, сол себептен олардың көбі жер аударған. Бұл бір үдіріс, екінше үдіріс поляктардың келуі 1863-1964 жылдары тағы да көтеріліс болды. Әсіресе Ресей патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы. Сол екі көтеріліске қатысқан поляктардың көбі жер аударылды. Поляктардың тарихын сонау 1831-1864 жылдардан бастасақ, жер аударылғандардың басым көпшілігі Қазақстанда, сол кезеңнен



1923 жылы 14 наурыздағы әскери-революциялық кеңестің ерекше міндеттерін орындайтын бөлімдерге берген № 141/20 бұйрығынан да көруімізге болады:

Онда «Қызыл әскер партия ұйымында поляк ұлтының өкілдері немесе поляк тілін білетін басқа ұлт өкілдері бар екенін анықтау үшін бүкіл әскер бөлімдері бойынша РК(б)П мүше немесе кандидат поляктарды және поляк тілін білетіндерді айрықша есепке алу туралы бұйырамын»

енгізілді. БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1930 жылдың 5-наурызындағы «Шекара маңындағы облыстардағы поляк қоныстары туралы» қаулысы бойынша, Украина мен Белоруссиядан жер аударылатын топтардың ішінде бай кулактармен қоса поляктар аталды. Поляктарды Украинадан Қазақстанға көшіру 1936 жылы басталды. БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауымен Қазақстанның орталық партия және үкіметтік мекемелері 1936 жылдың ақпан айында батыс шекаралық аудандардан поляктар мен немістерді көшіру мәселесін арнайы талқылап, 16 ақпан-

шектелмейтіндігі, олардың әкімшілік аудан шегінде еркін жүріп-тұра алатыны, алайда қоныстанған жерден басқа аймаққа кете алмайтындығы ескерілді. Көшірілігендерді жаңа жерге орналастыру, оларды тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері тұтастай Ішкі істер халық комиссариатына (НКВД) бағынатын Лагерьлердің жоғарғы басқармасына (ГУЛАГ) берілді. Тұрғын үй, тұрмыс мәселелерін шешуге қоныс аударушылардың өздерінің қаржысы да жұмылдырылатын болады деп жоспарланды. 1936 жылы Қазақстанға поляктар мен немістерді көшіру екі

Созақ поляктары

бастап жұмыс жасаған. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбай туралы жақсы пікірлер жазған Адольф Янушкевич деген поляк та жер аударылып келген революционер болатын. Олар ағартушы ретінде, сол кезеңде патша үкіметінің жүргізген саясатын өз көзімен көрген. Қазақтар жөнінде көптеген еңбек жазған. Үстіміздегі жылы поляк халқының Қазақстанға жер аударып келгеніне 86 жыл толады. Бұл жер аудару 1936 жылы қаңтар айында басталды. Поляктардың көшірілулерінің басты себебі, қазіргі кездегі біздің пікірімізше десек, 1939 жылғы 17 қыркүйекте Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны Сталиннің тікелей саясатымен азат етуі Совет әскерін кіргізген болатын, осыған алдын ала үш жыл бұрын бастау алған дайындық болса керек.

Тарихтың ақтаңдақ, алапес жылдары ел жадынан әлі өше қойған жоқ. Өткен ғасырымыздың 30-40-жылдары миллиондаған адам кеңестік тоталитарлық режимнің құрбаны болды. Ол құрбандар саяси және діни сенімдері үшін, әлеуметтік, ұлттық немесе басқа себептермен жазалауға ұшырады. Зорлықпен көшірілгендердің қатарында поляк халқы да болды. Поляктарды зорлықпен көшіру КСРО батыс аймақтарының поляк тұрғындарын жер аударудан басталып, бірнеше кезеңнен іске асырылды. Поляктарды жаппай Сібір мен Қазақстанға жер аудару іске асырылды. Кеңес-поляк қатынастарының күрделі буындарының бірі поляктардың тұрғылықты жерінен қуылып, елдің шығыс аудандарына көшірілді. Шекараларға жақын аудандар-



дан мыңдаған адамды жаппай көшіру кездейсоқ оқиға емес, кеңес үкіметі 1918-1923 жылдары халықаралық қатынастардан оқшау қалған «капиталистік қоршаудағы жалғыз социалистік ел» болды. «Капиталистік қоршауда» қалу туралы идея кеңес өкіметінің бүкіл Батыс елдеріне, өзінің көршілеріне сенімсіздікпен, күдікшілдікпен қарауына, үнемі «империализмнің тыңшылары мен халық жауларын» іздеуіне ұласты. 1954 жылдарға дейін Кеңес Одағындағы бірқатар ұлттар «сенімсіз» элементтер ретінде жер аударылды. 1920 жылғы кеңес-поляк соғысындағы жеңілістен соң Кеңес үкіметі Польшаны «бейбітшіліктің басты жауы» деп санады. Соған орай кеңес өкіметі Ресейде тұратын поляктарға қатысты арнаулы саясат бағыттарын белгіледі. 20-жылдарда негізгі әрекет поляктарды «буржуазиялық Польшаға» қарайламауға, кеңестік ниетте болуға тәрбиелеу үшін үгіт-насихат жүргізу болса, 30-жылдарда оларды болашақ «бесінші колонна» ретінде қарап, шекарадан алыс аудандарға жер аудару саясаты жүргізілді. Кеңес өкіметінің поляк мәселесіне айрықша назар аударғанын

делінген. Есепке алу, әрине, Кеңес Одағының шекаралық аймақтарында тұратын поляктардың арасында әртүрлі жұмыстар жүргізуге қажетті адамдарды табу үшін жүргізілуі де мүмкін. Сонымен қатар, осылайша анықталған поляктардың кейіннен жазаға ұшырау мүмкіндігін де жоққа



шығаруға болмайды. Кеңес Одағындағы поляктарға қарсы саяси жазалау шаралары 30-жылдары басталды. Жаппай ұжымдастыру шараларын жүргізу барысында Украина мен Белоруссиядағы кулактар ретінде жер аударылуға тиісті топтарға бірінші кезекте поляк ұлтының өкілдері

да Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі «Украинадан көшіп келетіндер туралы» қаулы қабылдады. Бұл құжатта бір ғана Оңтүстік Қазақстанға – 5500 жанұя көшіріледі деп жоспарланды. Көшіп келгендердің басым бөлігі бұрыннан бар ұжымшарларға (колхоздарға) орналастырылады. Сонымен қатар, арнаулы жаңа қоныстар да құрылатын болды. 1936 жылдың 28-сәуірінде БК(б)П Орталық Комитеті Украинадан Қазақстанның Қарағанды облысына поляктар мен немістерді көшіру туралы мәселені талқылады. Шекара жақын аймақтан – негізінен Житомир, Винница, Кировоград, Киев облыстарынан Қазақстанға 45 мың поляктар мен немістер (15 мың шаруашылық)

кезеңмен іске асырылды: бірінші топтар маусым айында, екіншілері қыркүйекте көшіп келді. Маусымда 35 820 поляктар көшіп келді, оның ішінде 23 234 жасөспірім балалар болды. Поляктардың тағдырындағы бетбұрыс көшірумен ғана шектелген жоқ. 1937 жылдың 9-тамызындағы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысына негіздеп, 11-тамызда КСРО Ішкі істер комиссариаты (НКВД) «Поляк бүлдіргіш-тыңшылық топтарын және ПҰ (Поляк әскери ұйымының) бөлімдерін жою туралы» бұйрық шығарды. Негізінде поляк әскери ұйымы – 1915 жылы Ю.Пильсудскийдің басқаруымен Австро-Венгрия мен Германия жерінде Польшаны қайта қалпына келтіру жолында күрес жүргізу үшін құрылған.

Алайда ұйым 1921 жылы тарап кеткен. Жоғарыда аталған бұйрық шыққан кезде бұл ұйым мүлде жоқ болатын. Соған қарамастан Украина мен Белоруссияның жеріндегі көптеген поляктар осы ұйымға қатысы бар деген жалған жаламен тұтқындалып жатты. Бұйрық бойынша, поляк әскери ұйымының аса белсенді мүшелері, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес жерінде қалып қойған поляк соғыс тұтқындары, Польшадан қашып келгендердің барлығы, поляк саяси эмигранттары және Польшамен алмастырылған саяси тұтқындар, Поляк социалистік партиясының және басқа да кеңес өкіметіне қарсы саяси партиялардың мүшелері, поляк аудандарындағы кеңес өкіметіне қарсы неғұрлым белсенді элементтер және ұлтшылдар. Ресейдегі революциялық оқиғалар мен азамат соғысы бірқатар поляк соғыс тұтқындарының еліне қайтуына бөгет жасады.

көшірілуге тиісті болды. Көшірілгендер «саяси сенімсіз элементтер» деп аталды. Іс жүзінде 1936 жылдың жазы-күзінде Украинадан Қазақстанға 69283 адам көшіп келді, оның 75,7% – поляктар болды. Қаулыда көшірілген тұрғындардың азаматтық құқығы

Большевиктер де поляктардың еліне жылдам қайтып кетуіне барынша кедергі жасап бақты. Ақыры 1923 жылы «барлық уақытымен дайындалған эшелондардан қалып қойып, еліне қайтпаған және ұлттық төлқұжаты жоқ соғыс тұтқындары РКФСР азаматы болып саналады» деген қаулы шықты. Осылайша кезінде Австро-Венгрия әскері қатарында болып, тұтқынға түскен бірқатар поляктар 1937 жылы жазалау тырнағына ілікті. Бұйрық келген бойда Қызыл Әскер қатарындағы, Ішкі істер халық комиссариатының барлық буындарындағы, өнеркәсіп орындарындағы, кеңшарлар мен ұжымшарлардағы барлық поляктар тұтқындала бастады. 1937 жылдың 15-тамызындағы бұйрық бойынша, «бүлдіргіштік-тыңшылық қызметі» үшін жазаға ұшырағандардың елдері мен 15 жастан асқан балалары тұтқындалды. Әйелдерді Ерекше Кеңестер 5-8 жылға түрмеде отыру жазасына кесті, 15 жастан асқан

танушылар Қазақстанның жеріне келді. Олардың ішінен 26 771 адам әр облыстарда бесжүзден аса түрлі шаруашылықтарда қызмет атқарғаны

етті. Алғаш келген кезде балалардың денсаулығының нашар, әлсіздігіне байланысты бала еңбегіне тыйым салынды. Жаңадан келіп жатқан арнайы қоны-

10 жылға жер аудару 15-сәуірден басталады. Жер аударылатын отбасылардың толық тізімдері 30 наурызға дейін толық жасалып болуы қажет. Поляк

тындарға қажетті керек-жарақтарын жинауға 10 күн беріледі.

Тұтқынның поляк офицерлерінің отбасыларын есепке алу нәтижесі 31-наурызда жеделхатпен Ішкі істер министрлігіне хабарлануға тиісті. Украина мен Белоруссияның батыс облыстарында тұратын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын жер аудару туралы Л. Берия қол қойған бұл құжат 1940 жылғы 2-наурыздағы БК(б)П Орталық Комитетінің шешіміне және Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына негізделген болатын. 1940 жылдың 20-наурызында Л. Берия Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссары С.Н. Бурдаковқа Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан жер аударылатын поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын қабылдауға дайындалу туралы бұйрық берді. Бұйрықта Қазақстанға тұтқын поляк офицерлерінің, жандармдарының, полиция қызмет-



қасіретті жылдарда

балалар лагерьлерге, қатаң тәртіптегі колонияларға жіберілді. Жетім қалған 15 жасқа дейінгі балаларды балалар үйіне орналастырды. Осылайша мыңдаған отбасылар түгелдей жазалау құрбаны болып кетті. 1937-1938 жылдары 134519 поляк азаматтары жазаға тартылды. 1937 жылдың 5-қыркүйегінде КСРО Ішкі істер комиссариаты (НКВД) поляктарды жазалау шараларын күшейтуге, тұтқындалған поляктарға 10 жылға дейін түрмеде отыру жазасын кесуге бұйрық берді. Бұйрық бойынша КСРО Ішкі істер комиссариаты мен Прокуратураның өкілдерінен «өкіліктер» құрылды, оларға соттан тыс жаза беру құқығы берілді, қылмыстық істі сотталушының өзін шақырмай-ақ сыртынан, тізіммен тұтас қарау жүйесі бекітілді. 1939 жылы Польшаның шығыс аймақтарын Кеңес Одағына қосқан соң, қазан айының ортасына дейін басып алынған поляк облыстары мен Батыс Украина, Батыс Белоруссия аймақтарын күштеп кеңестендіру басталды. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінен «еңбекші халықтың ата жауы» деп танылған осадниктерді арнайы поселкелерге қоныс аудару жұмыстары 1940 жылы 10 ақпанда басталды. Кеңес өкіметінің басылары үшін Қазақстанның жері бүкіл әлемнің өздеріне ұнамаған халықтарын айдап апаратын «дайын тұрған» орасан зор түрмесі сияқты болды. 1939 жылы қыркүйек айының өзінде «Правда» газетінде: «Қазақстан даласы қоныстанушыларды күтуде», – деп жазды. Көшірудің келесі топтарынан 35 670 арнайы қоныс-

мәлім. Қоныс аударушыларға жолға жиналуға бірекі, ал кей жерлерде небәрі жарты сағат уақыт қана берген. Адамдарды жабдықталмаған жүк тиеуге арналған ескі вагондарға мінгізіп алып жүрді. Осы акциялардың құрбаны болған адамдардың естеліктері, мәліметтері, әрине, жоғарыда мәтіні берілген нұсқалардан әлдеқайда алыс жатқан шындық. 1940 жылдың қақаған сары аязында есігі мықты жабылған, ішіне от жағылмаған вагондармен аш-жалаңаш қалжыраған ересек адамдар мен балаларды апта бойы құлазыған даламен алып жүрген. Осының салдарынан алғаш Қазақстан мен Орта Азияға келгенде олардың көбісі әлсіз, әлжуаз ауру халде болды. Жергілікті көші-қон бөлімшесі қоныс аударушылар арасында дәрігерлік көмек, мектеп және басқа күнделікті мәдени шараларды іске асыру қажеттігі туралы республиканың, облыстардың денсаулық сақтау, ағарту және мәдени мекемелеріне хабар жіберді. Сондай-ақ жергілікті жерлерде оларға арнайы дәрігерлік көмектер көрсетілді. Дегенмен қаржы саласындағы тапшылықтарға байланысты оларға көздеген мақсатқа лайықты жағдайлар да жасала бермеді. Сонда да әр саладағы қиындықтарға қарамай-ақ мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында арнайы қоныс аударушыларды көкөніс, киім-кешек және ұнмен қамтамасыз ету жұмыстары жақсы нәтижелер беріп отырды. Қоныс аударушыларды бірінші кезекте адам қолы жетіспейтін колхоздарға жұмысқа қабылдады. Жергілікті ұйымдар поляк азаматтарын жұмыспен және пәтермен қамтамасыз

станушылардың ішінде техниканы меңгергендер баршылық болғандықтан олардың есебінен әр облыстарда жаңа машина-трактор станцияларының саны көбейе бастады. Сонымен қатар, алғашқы кезде қоғамдық пәндер бойынша арнаулы білім алуға рұқсат етілмесе де, мемлекет тарапынан шаралар жүргізіліп, жергілікті жерлерде поляк мектептері ашылып оларға арнап арнайы оқулықтар шығарылды. Комендатура қызметкерлері жер аударылғандарды арнайы журналдарда белгілеп, КСРО Ішкі істер комиссариаты белгілеген тәртіпке сай қатаң тұрғыда бақылап отырды. Жер аударылғандар өкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту бақылаудың тікелей тергеуі негізінде жүргізілді. Жер аударылғандардың күн тәртібі олардың негізінен бастапқы тұрғылықты жері мен дәрежесінің шығу тегіне байланысты болды. Жұмыспен және жергілікті жерлерден баспанаға ие болған қоныс аударушыларға КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің №1142-208с қаулысына байланысты «арнайы қоныс аударушылар мен олардың балаларына тұрып жатқан жерлерінен төл құжат беру туралы» арнайы бұйрық шықты. Поляктарды көшірудің тағы бір кезеңі 1940 жылдың сәуір-мамыр айларында іске асты. Бұл көшіру поляк офицерлерінің отбасыларын қамтыды. 1940 жылдың 7 наурызында КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. Берия осы үш лагерьдегі поляк соғыс тұтқындарының отбасыларын Қазақстанға жер аудару туралы бұйрық берді. Поляк офицерлерінің отбасыларын Қазақстанға



офицерлерінің отбасыларының құрамында әйелдері, балалары, отбасымен бірге тұратын әке-шешелері, аға-інілері мен апақарындастары саналады. Жер аудару операциясы бүкіл Батыс Украина мен Батыс Белоруссияда бір мезгілде тағы алаң-елеңде басталады. Арнаулы топтар жер аударылатын отбасыларының үйіне тінту жасап, қару-жарақ, контрреволюциялық дебиет, шетелдік ақша іздейді. Жер аударылатын отбасыларының қозғалмайтын мүлкі мен сауда-өнеркәсіптік меншігі тәркіленеді. Жер аударылғандардың босап қалған тұрғын үйлері мен шаруашылық құрылыстары Қызыл әскердің қызметкерлеріне, Украина мен Белоруссияның батыс облыстарына іссапарға жіберілген партия-кеңес қызметкерлеріне беріледі. Жер аударыла-

керлерінің, барлаушыларының, ірі помещиктері мен фабриканттарының, ірі мемлекеттік қызметкерлерінің 25 мың отбасыларының – шамамен 75-100 мың адамның Қазақстанға 10 жылға жер аударылатыны хабарланып, оларды орналастырудың тәртібі белгіленді. Олар Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарына орналастырылады. Жер аударылғандарға тек сол орналасқан ауданында ғана жүріп-тұруға рұқсат беретін төлқұжаттар беріледі. Жер аударылғандардың арасында міндетті түрде тыңшылық жұмыстар ұйымдастырылады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
(Жалғасы бар).

Арманы асқақ абыройлы азамат

«Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Төлепбергенов Әбдімәлік қарияны елдің ардақты ұлы, қадірменді қариясы ретінде жақсы білетін едім. Жасы кішіге аға, жасы үлкендерге ақыл қосар замандас болардай аяулы жан еді. Оның үстіне «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген халқымызда ұлағатты сөз бар. Әкелеріміздің, ағаларымыздың көзін көрген жан ретінде ол кісіні зор ықыласпен құрметтейтін едім. Елдің ақсақалдары Әбдімәлік қария туралы көптеген жақсы пікірлер айтып еді.

Жүз жасты бағындырған Әбдімәлік көке өз кіндігінен өрбіген Бекжан, Қалжан, Мыңжан, Бақытжан, Үрлаш, Мираш, Рахимаш, Күлзипа атты 8 ұл-қыздан, 26 немере, 47 шөбере тәрбиелеп отырған берекелі шаңырақтың өнегелі қарты болатын. Ауылдың ақсақалды абызы, аймағының қадірменді қарты, батагөй бәтуалы үлкені еді. Сол абыз қарттың ұлы Бақытжан ағамыз бүгінгі таңда асқаралы алпыс жасқа толып ауыл-аймағын қуанышқа бөлеуде.

Айта кету керек, қайсыбір жылы Әлемдік додада ел намысын қорғап, Әзірбайжан мемлекетінде грепплингтен, Сербия елінде гір тасын көтеру спортында әлем чемпионатында табысты өнер көрсетіп, чемпион болып, жүлде алған екі азаматқа осы Бақытжан ағамыз бас болып ауылдас ағайындары ат мінгізіп шапан жауып, ыстық ілтипат көрсете отырып, көрегендік іс жасады. Гір тасын көтеру шеберлері Сербия мемлекетінің Нови-Сад қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатынан 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль алды. Сербиядағы әлем чемпионатына, төрткүл дүниенің 33 мемлекеттен 600 астам спортшылар қатысты. Әзірбайжанның астанасы Баку қаласында осы үстіміздегі жылдың 8-9 қазан күндері грепплингтен әлем чемпионы өтті. Чемпионат греплинг ги және греплинг ноу ги түрлері бойынша ұйымдастырылды. Айтулы жарыста жерлесіміз, Қуандық Ерғараев греплинг гиден - әлем чемпионы атанды. Жерлесіміз 66 келі салмақта өнер көрсетіп, қарсыластың бәрін тұқыртып, тұғыр биігінен көрінді. Қуандық Ерғараев аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы. Бала тәрбиелеп қана қоймай,

Бақытжан менімен бір мектепте он жыл бірге оқыған азамат. Мектепті жақсы оқып бітірді. Оқып жүргенде кластың беделді активі болатын. Аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл, кішіпейіл, жаны жайсаң азамат ретінде күні бүгінгі күнге дейін отбасымызбен аралас-құралас жағдайда араласып тұрамыз. Ауладан кіргеннен күйеуімнің атын айтып айқайлап кіреді. Аздап әзілі де бар, күйеуіммен қалжыңдасып жүреді. Елдің жағдайын, жақсы жаңалықтарын айтып, дастарханымызды ерекше күйге бөлеп көңіліңді көтеріп тастайды. Жұбайы Гүлзипа болса жымып жас келіндей сызылып күліп отыра береді. Екеуі жоғары оқу орнын бірге оқыды. Махаббатпен қосылды. Ол уақыттарда да бірге жүрдік. Елге бет алып бара қалсам алдымен ауылға өтіп кетпей Бәкең



өзі де кілем төріне шығып, елішілік жарыстардың жеңімпазы атанып жүр. Міне, бүгін әлемнің үздігі атанды. Қуандықтың қоржынында тағы бір медаль бар. Ол грепплинг ноу гиден әлемнің қола жүлдегері. Ауданға грепплингті алғаш алып келіп, артынан ерген інілеріне үлгі болып жүрген Мыңжасар Алпамыс әлем чемпионатында 84 келі салмақта грепплингті ги және ноу ги түрінен қола жүлдеге ие болды. Қоржында 1 алтын, 3 қола бар. Шараны ұйымдастырушы Қоңырсопы, Борай, Жиенбет бабалардың ұрпақтары және осы үш ата ұрпақтарының биі, шолаққорғандық азамат Бақытжан Әбдімәлікұлы. Ол «Нұраман» дәмханасында ауылдас-тарын, қос азаматқа тілекші болған жанкүйерлерді жиып алдымен ардақты ата-бабалар мен мейірімнің қайнары ақ жаулықты өзі аналардың рухына құран бағыштап ас берді. Ас үстінде еліміздің көк байрағын шет мемлекеттерде әйгілеген азаматтарды арнайы асқа шақыра отырып, ел-жұрттың алдында ат мінгізіп құрмет көрсетті. «Өсер елдің баласы бірін бірі батыр дейді» деген тәрбиелі тәмсілді ту ете отырып, құрметтілік көрсетті. Бұл ел білетін бірінші бір қыры еді.

Тағы бірде: «Ауылдан сапарлап шыққан күні кешке Тайқоңыр қалашығына барып қондық», деп әңгімесін бастады Бақытжан аға. Сіздерге

түсінікті болу үшін айтар болсам тарихта есімі қалған Жиенбет батырдың жерленген жері Жезқазған облысында деп еститінбіз. Осы сапардың мақсаты құрбан айт мерекесі кезінде арнайылап ол кісінің жатқан жері Жезқазғанға барып, басына барып құран бағыштап, құрбандық шалу еді. Осы істі мақсат тұтқан кейіпкеріміз Бақытжан аға, Қаратау ауылының тұрғыны Жүмеков Қазақбай, Раң ата ауылының тұрғыны Аман Нышанәлі, Тайқоңыр ауылынан Ерайдар есімді азаматтар «Рухани жаңғыру» жылы аясында бабалар рухына тағзым ету үшін алыс сапарға барып қайтқан болатын. Бұл әуақты сыйлаған екінші бір қыры деп ұғамын.

Бақытжан ағамыздың өзінің өмірдеріне келетін болсақ, ол азамат 1962 жылы 10 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Бақырлы ауылында дүниеге келген. 1969 жылы осы Бақырлы ауылындағы В.Панфилов атындағы орта мектептің 1-класына барып, 1979 жылы 10 класты бітіріп шығады. Еңбек жолын 1979-1981 жылдары Қаратау совхозында құрылысшы-жұмысшы болып бастайды. 1981 жылы Шымкент қаласындағы қазақ химия технология институтының дайындық курсына оқуға түсіп, 1982 жылы аталған институттың күндізгі бөлімінің инженер-құрылысшы факультетіне қабылданып, оны 1987

жылы қызыл дипломмен бітіріп шығады. 1987-1993 жылдары Созақ ауданы Шолаққорған ауылындағы ПМК-1807, ПМК-23 мекемелерінде шебер, еңбекақы инженері, өндірістік бөлімнің бастығы, бас инженер қызметтерін атқарады. 1993-2005 жылдары кәсіпкерлік салада қызметін жалғастырады. 1993 жылы республикалық есеп кадрларын дайындау институтына түсіп, 1995 жылы аталған институттың экономика және бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша бітіріп шығады. 2005-2013 жылдары аудандық статистика мекемесінде бас инженер, Шолаққорған ауыл әкімінің орынбасары, аудан әкімдігі тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы қызметінде болады. 2016 жылдан бүгінгі күнге дейін «Созақ аудандық орталық ауруханасы» МКК бас дәрігерінің әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. 2018 жылы «Қазыбек биге-350 жыл», 2020 жылы «Еңбек ардагері», 2021 жылы «Үш ата ұрпақтарының Құрметті азаматы» медалдарының иегері ретінде марапатталған. Жұбайы Гүлзипа Қожабайқызы 1963 жылы 24 шілдеде Түлкібас ауданында дүниеге келген. 1980 жылы Түлкібас станциясындағы №343 орта мектепті бітіріп, 1980-1982 жылдары Түлкібас жеміс-жидек зауытында

жұмысшы болып істейді. Екеуінің тәрбиелеп отырған төрт ұлы мен бір қызы бар. Бір ұлы медицина саласында болса, бір ұлы кәсіпкер. Қызы Ақмарал жұмыспен қамту орталығында білікті маман. Үлкен ұлы, атасының баласы, Жеңісәлісі Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді. Сонымен қатар «Созақ адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі. Созақ ауданы әкімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі.

«Жас отап» «Жастар қанатының» Созақ аудандық филиалының төрағасы қызметтерін қосымша атқарып келеді. 2020 жылғы өткен Созақ аудандық маслихаты депутатылығына үміткер праймериз жеңімпазы. Жанұялы, екі ұл мен бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы иесі.

Халқымызда «сегіз қырлы бір сырлы азамат екен» деген жақсы тартымды тәмсіл бар. Бақытжан аға қайсыбір жылы атамыз 100 жасқа толғанында өзі туып өскен Бақырлы ауылында «Әбдімәлік Төлепбергенов атындағы үлкен саябақтың құрлысына кірісіп, қоршап, ішіне ұңғықұдық қазып, арықтар жасап 500 түп түрлі ағаш көшеттерін отырғызды. Ауыл адамдары кешкісін демалып қайту үшін орындықтар орнатып, жарық жағын да қарастырды. Аты Әбдімәліктікі болғанымен заңты сол ауыл халқының игілігіне жарап тұрған қалың бау алыстан менмендалап желмен желпіне жайқалып ауылға ажар беріп тұр. Тағы бір елге үлгі болар тірлігі әкесінің газетке шыққан, елдің аузында қалған, атамыздың өзі айтқан естелігі бар, бәрін жинап көлемді де көркем кітап шығарып ауыл аймағына, кітаптың қадірін білетін азаматтарға естелік ретінде таратып, атамыздың әуағын бір аунатты десек болар. Бұл әлгі сегіз қырының бірі шығар. Ағамызға қараша халықтың сөзін сөйлейтін ауданымыздың 90 жылдан астам тарихының тірі куәгері «Созақ үні» газеті арқылы әрқашан елдің игілігі мен әлеуетіне асқар таудай жарап жүре беріңіз деген елдің игі тілегін осылай жолдамақпын.

Мақсат ҚАРПАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Әке көрген оқ жоңар

мен Гүлекеңнің шаттыққа толы шаңырағында боламыз. Қонақжай жігіт жалғыз атын сойып тастай салатын жомарттығы мен серілігі де бар нағыз жақсы азамат. Құдды атамиз сияқты Бақытжан досымызға ұзақ ғұмыр берсін. Отбасы аман болсын, жамандық көрмей елге нұры мен сәулесін шашып жүре берсін деген ақжарма тілегім бар.

Бақытжанның әкесі Әбдімәлік көкеміз де ел сыйлаған, ел құрметтеген әулетіміздің кемеңгері, ақылшысы ел ағасы болған кісі. Оның бірден бір айғағы кешегі зұлмат жылдары елден үдере көшіп Өзбекстан маңайына, Келес өңіріне қоны-

станған біздің әулетімізді 1962 жылы Қаратау совхоз болып құрылғанда елге қайта көшуіне бірден бір себеп болған азамат еді. Айта берсем Әбдімәлік көкеміздің жақсылығы мен бауырмалдылығын айтып тауыса алмайсың. Осындай жанұядан тәлім-тәрбие алған Бақытжан бауырым қазіргі таңда Қоңырсопы, Борай, Жиенбет үш атаның биі болып отыр. Осындай ел таныған, қолынан келген көмекті аямайтын ардақты азаматты Созақ өңіріндегі ауыл-аймақтың барлығы Бақытжан Әбдімәлікұлының жақсы азамат екенін біледі. Ақылдылығымен, қарапайымдылығымен, қара қылды

қақ жарған әділдігімен елге сыйлы, арман қуып жан –жаққа кетсек те арамыз әлі үзілген жоқ. Қазіргі таңда аяулы жары Гүлзипа екеуі ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырып, немере сүйіп отырған өнегелі отбасы. Бауырым әрі сыныпта-сым Бақытжан 60 жасың құтты болсын! Әулетіңе сыйлы, құрметті болып, бала шағаның рахатын көріп, қосағыңмен қоса ағар. Әбдімәлік көкеміздің 100 жасын берсін!

Бауырың, әрі сыныптасың
Айша Пернебекқызы
ДУТБАЕВА.
Алматы қаласы.

